

(Айман-Шолпан).

В данном случае *жәндік* представляет собой эвфемистическое название бытовых паразитов, а остальные тонко намекают на якобы совершившуюся супружескую измену. И все это достаточно ясно говорит о влиянии языковых табу и эвфемизмов на изменение в семантической структуре лексики.

Заключение. Интерес к табу и особенно эвфемизмам объясняется неограниченными возможностями этих явлений, выступающих в качестве одного из факторов изменений значений слов, обогащения словарного состава языка, развития культуры речи.

Список использованной литературы:

- 1 Реформатский А.А. Введение в языкознание.- М., 1967. - учебник
- 2 Потанин Н.Н. Очерки Северо-западной Монголии, вып. 4.- СПб, 1883.-книга
- 3 Мусабаев Г. Современный казахский язык, I, Лексика.- Алма-Ата, 1967.- учебник
- 4 Валиханов Ч. Собр. Соч. В пяти томах. Т. I.- Алма-Ата, 1961.- книга
- 5 Самойлович А.Н. Запретные слова в языке казах-киргизской замужней женщины, «Живая старина», т. 14, вып. 1-2.- Петроград, 1915.- книга
- 6 Рақышев А. Анатомия терминдерінің қазақша-орысша-латынша және латынша-орысша-қазақша сөздігі, 2-білім. - Алматы, 1966. -словарь
- 7 Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі.- Алматы, 1966.- словарь
- 8 Будагов Р.А. Очерки по языкознанию. -М., 1953. - книга
- 9 Вандриес Ж. Язык.- М., 1937.- книга.

References:

- 1 Reformatski A.A. Vvedenie v iazykoznanie.- M., 1967. – uchebnik
- 2 Potanin N.N. Ocherki Severo-zapadnoi Mongolii, vyp. 4.- SPb, 1883.-kniga
- 3 Musabaev G. Sovremennyi kazahski iazyk, I, Leksika.- Alma-Ata, 1967.- uchebnik
- 4 Valihanov Ch. Sobr. Soch. V päti tomah. T. I.- Alma-Ata, 1961.- kniga
- 5 Samoilovich A.N. Zapretnye slova v iazyke kazah-kirgizskoi zamujnei jenziny, «Jivaia starina», t. 14, vyp. 1-2.- Petrograd, 1915.- kniga
- 6 Raqyşev A. Anatomia terminderiniñ qazaqşa-orysşa-latynşa jäne latynşa-orysşa-qazaqşa sözdıgı, 2-bilim. - Almaty, 1966. -slovär
- 7 Qazaq tiliniñ qysqasha etimologialyq sözdıgi.- Almaty, 1966.- slovär
- 8 Budagov R.A. Ocherki po iazykoznaniiu. -M., 1953. – kniga
- 9 Vandries J. İazyk.- M., 1937.- kniga.

МРНТИ 16.41.99

Сагидолда Г.,¹ Жылқыбай Г.Қ. ²

¹ Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

² Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан

ТҮРКІ ЛЕКСИКОГРАФИЯСЫ: ЖЕТІСТІКТЕРІ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ

Аңдатпа

XX ғ. 50 жылдарынан көне қыпшақ тілінің мұрагерлері – қазақ, қарақалпақ, ноғай, башқұрт, татар, қарайым, құмық, қарашай, балқар т.б. қыпшақ тобын құрайтын қазіргі тілдердің сөз қазынасын, грамматикалық құрылысын, дыбыстық жүйесін зерттеуге бағытталған іргелі зерттеулер жарық көрді, олардың әрқайсысының тіл білім ғылымы қалыптасты. Тіл жүйесінің дыбыстық, лексика-грамматикалық құрылым-құрылысы фонетика, морфология, синтаксис, лексикология, фразеология, лексикография т.б. салаларының дербес нысандарына айналып, ол салалар іштей тармақтарға (фонология, морфонология, мәтін синтаксисі, терминология, ономастика, тарихи

лексикология, лексикография т.б.) жіктеле дамыды. Осылайша тарамдала дамыған жеке бір тілдің тіл білімінде орта ғасыр түркі ескерткіштерінің тілі нақты сол тілге қатысы тұрғысынан зерттелді.

Лингвистикалық қыпшақтанудың келелі мәселелерімен тоғыса келіп, орта ғасырларда көне қыпшақ әдеби тілінде жазылған шығармалар тілін бүгінгі жекелеген қазақ, қарақалпақ, башқұрт, татар, ноғай, құмық, қарашай, балкар, қырғыз т.б. сияқты оншақты қыпшақ тілдерінің әрқайсысымен «тарих: тіл: мәдениет» тоғысында зерттейтін қыпшақ тілдерінің салыстырмалы-тарихи лексикологиясының негізін қалыптастыруды міндеттейді.

Түйін сөздер: түркі лексикографиясы, қыпшақтану, салыстырмалы-тарихи лексикология, қазіргі қыпшақ тілдері лексикографиясы

Sagidolda G.,¹ Zhylkybay G.²

*¹L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Nur-Sultan, Kazakhstan*

*²Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Turkestan, Kazakhstan*

TURKIC LEXICOGRAPHY: ACHIEVEMENTS AND UPCOMING TASKS

Abstract

Since the 50s of the XX century, fundamental research has been published to study the vocabulary, grammatical structure and sound system of modern languages, which are the heirs of the ancient Kipchak language - Kazakh, Karakalpak, Nogai, Bashkir, Tatar, Karaim, Kumuk, Karachay, Balkar, etc. The science of linguistics was formed in each of them. The sound, lexical and grammatical structure of the language system has become an independent form of phonetics, morphology, syntax, lexicology, phraseology, lexicography and other branches, which are subdivided into phonology, morphology, text syntax, terminology, onomastics, historical lexicology, lexicography, etc.). Thus, in the linguistics of a single branch of language, the language of medieval Turkic monuments was studied in terms of its relation to that language.

Faced with the problems of linguistic Kipchak studies, the language of works written in the ancient Kipchak literary language in the Middle Ages is divided into today's Kazakh, Karakalpak, Bashkir, Tatar, Nogai, Kumuk, Karachay, Balkar, Kyrgyz and others, obliges to form the basis of comparative-historical lexicology of Kipchak languages, studied at the intersection of "history: language: culture" with each of the dozens of Kipchak languages.

Keywords: Turkic lexicography, Kipchak studies, comparative-historical lexicology, lexicography of modern Kipchak languages

Сагидолда Г.,¹ Жылқыбай Г.Қ.²

*¹Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан*

*²Международный казахско-түректік университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,
Түркестан, Казахстан*

ТЮРКСКАЯ ЛЕКСИКОГРАФИЯ: ДОСТИЖЕНИЯ И ЗАДАЧИ

Аннотация

С 50-х годов XX в. были опубликованы фундаментальные исследования, направленные на изучение словообразования, грамматического строя, звуковой системы современных языков, составляющих кыпчакскую группу наследников древнего кыпчакского языка - казахского, каракалпакского, ногайского, башкирского, татарского, караимского, кумыкского, карачаевского, балкарского и др., у каждого из них сформировалась лингвистическая наука. Звуковая, лексико-грамматическая структура -структура языковой системы стала самостоятельными формами отраслей фонетики, морфологии, синтаксиса, лексикологии, фразеологии, лексикографии и др., которые были классифицированы на внутренние ветви (фонология, морфонология, синтаксис текста, терминология, ономастика, историческая лексикология, лексикография и др.). Таким образом, в языкознании одного

отдельного языка изучался язык средневековых тюркских памятников с точки зрения отношения к конкретному языку.

Столкнувшись с проблемами лингвистического кипчаковедения, произведения, написанные на древнем кипчакском литературном языке в Средние века, обязывают сформировать основу сравнительно-исторической лексикологии кипчакских языков, изучающих язык на стыке «история: язык: культура» с каждым из десятков современных кипчакских языков: казахским, каракалпакским, башкирским, татарским, ногайским, кумыкским, Карачаевским, балкарским, киргизским и др.

Ключевые слова: тюркская лексикография, кипчаковедение, сравнительно-историческая лексикология, лексикография современных кипчакских языков

Кіріспе. Қазіргі түркі тілдері – адамзаттық құндылықтар жүйесінің құрамдас бөлігі, түркі халықтарының төлтума болмысын айқындайтын әлеуметтік-қоғамдық фактор және түркі әлемінің тұтастығын қамтамасыз ететін басты тетіктердің бірі ғана емес, бірегейі. Замана көшінде тарихи сан алуан жағдайларға байланысты түркі тектес халықтарда қарым-қатынас үдерістерінің әлеуметтік шарттары мен әлеуметтік-мәдени факторлары, этногенетикалық үдерістердің тілдік салдары, әрбір этносқа тән ұлттық-мәдени дүниетанымның өзіндік ерекшеліктері қалыптасты.

Бүгінгі күні түркі әлемінің саяси, әлеуметтік, экономикалық, құқықтық, тарихи, мәдени кеңістігінде болып жатқан түбегейлі өзгерістер салдарынан тарихи тамырын жалпытүркілік бір ғана тектілден алатын әр түркі тілінің сөздік қорында мазмұндық құрылым мен құрамы жағынан түрлену, жаңа атаулармен толығу, терминологиялық шет-шекарасын кеңейту тәрізді тілдік үдерістер қарқынды жүрілуде. Түркі тілдерінің алуан түрлі тілдермен қарым-қатынасқа, өзара ықпалдастыққа түсуі тілдік қорларында кірме сөздердің молаю процесін де жеделдетуде. Бұл үдерістер түркі тілдерінің барлық деңгейлеріндегі алшақтықтардың ұлғаюына алып келуде. Сондықтан қазіргі түркі тілдерінің заманауи лексикалық қорын толық жинақтап алу, терминологиялық жүйесін біріздендіру түркі тіл біліміндегі ең өзекті мәселе саналуда. Демек техногендік өркениеттің, әлемдік ақпараттық кеңістіктің біртұтастануы, түркілердің өзара және өзге халықтармен жасап отырған мәдениетаралық қарым-қатынастарының сапалық жаңа деңгейге көтерілуі, жаһандану жағдайында жалпытүркілік этномәдени құндылықтарды сақтап қалудың және оны насихаттаудың маңыздылығы т.б. факторлар түркі тілдерінің сөз қазынасын әр сипаттағы сөздіктер түрінде барынша жинақтаудың, түстеп-түгендеудің қажеттілігін алға тартады. Ол үшін, ең алдымен түркі лексикографиясының қалыптасу тарихына үңіліп, осы күнге дейінгі сөздік түзу тәжірибесін қортындылауға, сондай-ақ жеткен ірі жетістіктерін анықтап, өзекті проблемалары мен алдағы мақсат-міндеттерін айқындауға тура келеді. Басқаша айтқанда, этникалық құндылықтарға қауіп төніп отырған қазіргі ғаламдастыру заманында түркі лексикографиясына толыққанды лексикографиялық талдау жасау, жетістіктер мен кемшіліктерді анықтай отырып, сөздік түзу ісіндегі дәстүр сабақтастығын жаңғырту, жекелеген түркі лексикографияларындағы тарихи дамудың алғышарттарын, динамикасын айқындау, алға қарыштап басудың тетіктері мен жолдарын қарастыру – заманауи түркі лексикографиясының қазіргі таңдағы ең өзекті мәселелері болмақ.

Түркі лексикографиясының тарихында ортағасыр салыстырмалы көптілді және екі тілді аударма сөздіктер түзудің дәстүрін қалыптастырған кезең болып саналады. Ортағасырлық түркі лексикографиясында, ортағасырлық араб жазулы сөздіктерде, сондай-ақ, кейінгі түркі тілдерінің лексикографиясында, соның ішінде қазақ, түрік, өзбек, башқұрт, ноғай т.б. түркі тілдерінің лексикографияларында белгілі бір дәрежеде бұрынғы дәстүр сабақтастығы жалғасып келеді.

Әдістеме. Түркі лексикографиясының тарихында салыстырмалы ұстанымды басшылыққа алған ең алғашқы көптілді сөздік XI ғасырдағы Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігі болды. Бұл бірегей сөздік түркі тілдерінің сөз қазынасын салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеудің басы ғана емес, лингвистикалық түркітану саласындағы ғылыми зерттеулерге осы күнге дейін дереккөз қызметін атқарып келе жатқанымен құнды екені белгілі. Орта ғасырлық араб лексикографиясының түркі лексикографиясына игі әсерінің нәтижесінде екі тілді аударма сөздіктер түзудің негізі қаланып, көптеген түркі-араб, араб-түркі сөздіктері дүниеге келді. Солардың ішінде қыпшақ сөздіктері атанған Әбу Хайан сөздігі, «Ат-тухфа», Халил Мухаммад ибн Юсуфтың «Тәржіман» сөздігі, Жамаладдиннің «Бұлғат әл-мұштақ» сөздігі т.б. бар. Аталған сөздіктердің сөздік құрамы аралас (оғыз-қыпшақ) болғанымен, олардағы қыпшақша сөздер тобының қазақ, башқұрт, ноғай, каракалпак, татар тәрізді қазіргі қыпшақ тілдеріне етене жақын екендігі анықталып отыр.

Жалпы лексикографиялық еңбектердің қай түрлерін алсақ та, түркі тілдері бойынша даму динамикасының әрқилылығы көзге түседі. Тәжірибенің де, ғылыми-теориялық ізденістердің де дәреже-деңгейінде алуан түрлікті байқаймыз. Түрік тіліндегі Шемсеттин Самидің «Қамуси Түрки» сөздігі 1317 жылы түзілсе, ортаазиялық түркі (шағатай) тіліндегі алғашқы аударма сөздіктер қатарында Әлішер Науаи шығармалары негізінде түзілген «Бадаи лұғат» (XV ғ.) атты шағатайша-парсыша және «Абушқа» (XVI ғ.) атты шағатайша-түрікше сөздіктер, М.Махдихан құрастырған «Саңлақ» атты шағатайша-парсыша сөздік (XVIII ғ.), Фазлуллаханның шағатайша-парсыша сөздігі (1825) бар.

Махмұд Кашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігі арқылы негізі қаланып, тарихи құманша туынды «Кодекс Куманикус», «Мәмлүк қыпшақтарының сөздігі» секілді орта қыпшақ кезеңіндегі сөздіктер арқылы буыны бекіген түркі лексикографиясындағы салыстырмалы ұстаным XIX ғасырдың соңы және XX ғасыр басында жарияланған Л. Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» (I 1869; II 1871) және В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» (I–IV, 1893, 1899, 1905, 1911) сөздіктерінде өз жалғасын тапты. Дегенмен XX ғ. түркі лексикографиясында бірқатар түркі тілдері лексикасын қатар қоя отырып, жарыстыра түгендеген және салыстыра сипаттаған мұндай іргелі сөздіктер санаулы болды. Мұндай сөздіктердің бірі –Наделяев В.М., Насилов Д.М., Э.Р.Тенишев, Щербак А.М., Боровкова Т.А., Дмитриева Л.В., Зырин А.А., Кормушин И.В., Летягина Н.И., Тугушева Л.Ю. тәрізді белгілі түркітанушы ғалымдардың авторлығымен 1969 жылы Ленинградта жарық көрген «Көне түркі сөздігі». 20 000 көне түркі сөздері мен тұрақты тіркестер қамтылған «Көне түркі сөздігі» күні бүгінге дейін 8-13 ғасырлардағы орхон-енисей, араб, ұйғыр, манихей, брахми тәрізді әртүрлі жазу жүйесінде жасалған жазба ескерткіштер бойынша дереккөз қызметін атқаруда.

Э.В. Севортянның (1901-1978) басшылығымен 1974 жылы басталып, қазіргі кезде жалғасын тауып отырған (7 том жарық көрді) «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі» (ЭСТЯ) түркі лексикасының тарихи дамуы барысындағы морфемдік, фонетикалық және семантикалық өзгерістерін көрсеткен бірден-бір ірі сөздік ретінде құнды. Көптеген жылдар бойы алтаистикалық және түркологиялық бағыттағы теориялық-методологиялық, қолданбалы-практикалық зерттеулерге аса маңызды лексикографиялық дереккөз қызметін атқарып келе жатқан түркі тілдеріаралық деңгейдегі ЭСТЯ [1], «ЭСЧЯ» [2], EDAL [3] тәрізді танымал сөздіктер генеалогиялық принципті басшылыққа алған этимологиялық сөздіктер болып табылады.

Нәтижелер. Қазіргі түркі тілдерінің салыстырмалы сипаттағы алғашқы көп сөздіктерінің бірі – XX ғасырдың соңғы ширегінде жарық көрген Куртулуш Өзтопчының сегіз түркі жазба тілінің сөз қорына негізделген «Түркі тілдері сөздігі» [4]. Бірақ мұнда бассөздің реестрлік қатары ағылшын тілі сөздеріне құрылғандықтан, сөздік ағылшын тіліндегі сөздің өзге түркі тілдеріндегі баламасын беру бағытындағы салғастырмалы сипат алған-ды.

Қазіргі түркі тілдерінің көптілді аударма сөздігін жасауға деген талпыныс 1991 жылы Анкарада жарық көрген «Karsilastirmali turk lehceleri sozlugu» (Жалпы редакциясын басқарған А. Ержиласун) атты сөздікте бой көрсетті. Реестрлік тізімге барлығы 8000 лексикалық единица қамтылған бұл сөздікке түркі тілдерінің қыпшақ тобынан қазақ, қырғыз, татар, башқұрт тілдерінің, оғыз тобынан түрік, әзірбайжан, түрікмен тілдерінің, қарлұқ тобынан өзбек, ұйғыр тілдерінің материалдары енді және соңғы қатарда түркі сөздерінің орыс тіліндегі баламасы берілді. Сөздікте 9 түркі тілдеріндегі XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы ең актив лексикалық бірліктердің салыстырмалы сипатын таныту мақсатын көздеді. Демек, «Karsilastirmali turk lehceleri sozlugu» (Анкара, 1991) сөздігін түркі лексикографиясында В. Радловтың «Опыт тюркских наречий» (I–IV, 1893, 1899, 1905, 1911) сөздігінен кейін қазіргі түркі тілдерінің лексикалық құрамының ядросы саналатын негізгі лексикалық қорды біршама толық қамтуғаталпыныс жасалған сөздік деп санауға болады.

XX ғасырда түркі лексикографиясы негізінен әр түркі тілдерінің сөздерін сол тіл шеңберінде әр қырынан (диалектологиялық, орфографиялық, түсіндірме т.б.) түстеп-түгендеген немесе орыс, ағылшын сияқты құрылымы басқа тілдерге аударып берген сөздіктердің көптеп жарық көруімен ерекшеленеді.

XX ғасырдағы түркологиялық бағытта жүргізілген сан алуан зерттеулердің эмпирикалық материалдық базасын құрап, дереккөз ретінде пайдаланылған түркі лексикографиясының айтулы жетістіктері қатарын қазақ, қырғыз, әзірбайжан, түрік, түрікмен, өзбек тәрізді мемлекеттік деңгейдегі түркі тілдері бойынша, сонымен қатар, башқұрт, чуваш, ноғай, құмық, тува, якут т.б. региональдық деңгейдегі түркі жазба тілдері бойынша жарық көрген әр алуан сипаттағы сөздіктер құрайды.

Мәселен, XX ғасырдағы екінші жартысынан бастап қазақ лексикографиясы саласында айрықша маңызды еңбектер жарық көрді десек, Н. Сауранбаевтың «Орысша-қазақша сөздігі» (Алматы, 1954), «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» (Алматы, 1963), Ф. Мұсабаевтың «Орысша-қазақша сөздігі» (Алматы, 1978), «Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі» (Т. 1–10., Алматы, 1974–1986), он мыңнан аса фраза қамтылған І.К. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» (Алматы, 1977), «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі» (Алматы, 1996) және т.б. сөздіктер – қазақ лексикографиясының толағай табыстары. Ал қазақ тілінің барша лексика-фразеологиялық-паремиологиялық байлығын мүмкін болғанынша түгел қамтып, мағына-мәніне, қолданысына түсініктеме беру, жүздеген тақырыптардан тұратын единицаларды жинақтап, жүйелеу мақсаты көзделген Ә. Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты үш томдық этнолингвистикалық сөздігі [5] XXI ғасырдың алғашқы он жылдығындағы қазақ лексикографиясының жоғары деңгейін көрсететін еңбек деуге болады.

Қырғыз лексикографиясының негізі К.К. Юдахиннің «Қырғызша-орысша сөздігімен» (Мәскеу, 1965) қаланды. Қырғыз лексикографиясы тарихында Х. Карасаевтың орфографиялық сөздіктерінің, нақыл сөздер сөздігінің, қырғыз тіліндегі кірме сөздер сөздігінің «Қырғыз тилинин орфографиялық сөздүгү» (1966), «Қырғыз тилинин орфографиялық сөздүгү» (2009), «Нақыл сөздер (тил казынасынан баян)» (1982), «Өздөштүрүлгөн сөздөр» (1986) алатын орны ерекше.

Қырғыз ғалымдары әртүрлі типтегі сөздіктерді құрастыру және жариялау ісімен көптеген жылдар бойы айналысты, нәтижесінде энциклопедиялық сөздіктер «Қырғыз Совет энциклопедиясы» (I–VI томдор; 1976 – 1980), «Географиялық энциклопедиялық сөздүк» (1987), «Үй-тиричилигинин кыскача энциклопедиясы» (1989), «Манас» энциклопедиясы» (I–II, 1995 және т.б.), түрлі сипаттағы лингвистикалық сөздіктер жарық көрді: «Русско-киргизский словарь» (1938), «Киргизско-русский словарь» (1955), «Русско-киргизский словарь» (1944), «Русско-киргизский словарь» (1957), «Русско-киргизский фразеологический словарь» (1977), «Русско-киргизский гнездовой словарь» (1979) тәрізді аударма сөздіктер; «Қырғыз тилинин түшүндүрмө сөздүгү» (1969), «Қырғыз тилинин синонимдер сөздүгү» (1984), «Қырғыз тилинин омонимдер сөздүгү» (1986), «Қырғыз тилинин антонимдер сөздүгү» (1988), «Қырғыз тилинин диалектологиялық сөздүгү» (1972) түсіндірмелік сипаттағы сөздіктер; «Орфографический словарь киргизского языка» (1942), «Қырғыз тилинин орфографиялық сөздүгү» (1956), «Қырғыз тилинин орфографиялық сөздүгү» (авт.: Х. Карасаев 1966; 2009) көрсеткіштік сипаттағы сөздіктер.

Әзірбайжан лексикографиясының тарихында XX ғ. 50–60 жылдарынан бергі кезең «Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti» (Баку, 1966), И. Тагиевтің жетекшілігімен 4 томдық «Орысша-әзірбайжанша сөздік» (Баку, 1986, 1989, 1997, 2000), «Әзірбайжан тіліндегі араб-парсы сөздер сөздігі» (Баку, 1945), «Әзірбайжан тілінің энциклопедиялық сөздігі» (10 томдық, 1965–1975), Әзірбайжан тілінің орфографиялық сөздігі (1929, 1940, 1960, 1975, 2004), «Шет тілдер сөздерінің қысқаша сөздігі» (1981), «Әзірбайжан тілінің диалектологиялық сөздігі» (Баку, 1964; Анкара, 1999) тәрізді екітілді сөздіктер, түсіндірме сөздіктер, орфографиялық, диалектологиялық сөздіктер т.б. жарық көрген жемісті жылдар болып саналады. Жаңа ғасыр басында әзірбайжан тілінде бірқатар терминологиялық сөздіктер, энциклопедиялық сөздіктер, орыс-әзірбайжан, әзірбайжан-орыс дипломатиялық сөздіктері т.б. жарық көрді.

Талқылау. Түрік лексикографиясы тарихында Осман империясының ресми тілі – түрікшеге қатысты Османша сөздіктер, сондай-ақ латынша, немісше, италиянша, французша және полякша салғастырылмалы сипаттағы көп тілді «Thesaurus onomasticus» және «Thesaurus Linguarum Orientalium Turcicae, Arabicae, Persicae (Lexicon Turcico – Arabico – Persicum)» т.б. сөздіктер болды.

Түркияда Тіл реформасымен басталған якут, қырғыз, чуваш сияқты түркі тілдерінің сөздіктерін түрікшеге аудару, сондай-ақ Хусейн Казым Кадринің «Түркі лұғатынан» (*Hüseyin Kâzım Kadri. Türk Dillerinin İştikakî ve Edebî Lûgatları, Maarif Vekaleti, Devlet Matbaası, İstanbul I 1927, II 1928; Türk Dillerinin İştikakî ve Edebî Lûgatları, Maarif Vekaleti, Türk Dil Kurumu Neşriyatı, Cumhuriyet Matbaası, II İstanbul 1943, IV 1945*) басталған салыстырмалы сөздік түзу тәжірибесі түрік лексикографиясының тарихындағы салыстырмалы көптілді сөздіктер түзудің алғашқы үлгілері болып табылады. Бұл үрдістің заңды жалғасы ретінде 1991 жылы Анкарада жарық көрген «Karsilastirmali turk lehceleri sozlugu» (Жалпы редакциясын басқарған А. Ержиласун) атты сөздікті көрсетуге болады.

Башқұрт лексикографиясында соңғы 40–50 жылда тілдің семасиологиялық және сөзжасамдық құбылыстары бойынша лексикографиялық жұмыстар жүргізіліп, синонимдер сөздігі (құрас.: З.Г. Ураксин; 1966, 1985, 2000), омонимдер (құрас.: М.Х. Ахтямов; 1966, 1986), антонимдер (құрас.: М.Х.

Ахтямов; 1973, 2009), паронимдер (құрас.: К.Г. Ишбаев, З.К. Ишкильдина; 2001), фразеологиялық бірліктер (құрас.: З.Г. Ураксин, Ф.А. Надршина, Х.Г. Юсупов; 1973, 1989, 1996, 2006), морфемалар (құрас.: М.Х. Ахтямов, З.Г. Уразбаева, Ф.Г. Хисамитдинова, А.М. Ишегулова; 1992, 1994, 2004, 2005, 2008); ономастикалық материалдар жарияланды: жалқы есімдер сөздік-анықтамасы (құрас.: Т.Х. Кусимова, С.А. Биккулова, Ф.Г. Хисамитдинова, Р.И. Султанова, С.Х. Тупеев; 1976, 1982, 1991, 2000), топонимдер (құрас.: А.А. Камалов, Р.З. Шакуров, Г. Ураксин, М.Ф. Хисматов, Ф.Г. Хисамитдинова, З.А. Сиразитдинов, Н.Ф. Суфьянова, Ю.Х. Юлдашбаев; 1980, 1992, 1994, 2000, 2001, 2002, 2005, 2006, 2008, 2009); сөздіктің жаңа формалары жарық көрді: функциональды-когнитивті (2000, 2002, 2003, 2007), жиілік (құрас.: З.А. Сиразитдинов; 1995, 1997, 2002, 2006), идеографиялық (құрас.: М.Г. Усманова; 2005).

Соңғы онжылдықта әртүрлі ғылым саласына қатысты терминологиялық сөздіктерді жасау жұмыстары жанданды: ауылшаруашылығы (2001), омарташылық (2001, 2008), қоғамдық-саяси терминдер (2001), ботаника (2002), лингвистика (2002), педагогика және психология (2002), этнолингвистикалық және этномәдени танымдық лексика (2002, 2003, 2006), мифология (2002, 2010, 2011), техника (2003), заң (2003), офтальмология (2004), архитектуралық-құрылыстық терминдер (2004), сауда және қоғамдық тамақтандыру қызметкерлері үшін сөздік (2005), халықтық медицина (2005), малшаруашылығы (2006), кітапхана, баспа және ақпараттық қызмет қызметкерлері үшін сөздік (2006), медицина (2007), орман шаруашылығы (2007), экономика (2007), әскери лексика (2007), өлікті жерлеу, бата оқу дәстүрі бойынша сөздік (2008), астрономия (2008), экология (2008), эстетика (2008), сызу (2008), этика (2009), денешынықтыру және спорт (2009), жаратылыстану (2009), мәдениет қызметкерлері үшін сөздік (2009), сауда, кәсіпкерлік және сыртқы экономикалық қызмет, дипломатия бойынша сөздік (2009) және т.б. екітілді сөздіктер мен анықтамалар шығарылды. Башқұрт лексикографиясының ең ірі жетістіктері қатарын 10 томдық Башқұрт тілінің академиялық сөздіші толықтырады [6].

Ноғай тілі бойынша лексикографиялық жұмыстар А.Ш. Джанибековтың терминологиялық сөздіктеріне енген Н.А. Баскаковтың «Қысқаша ноғай-орыс глоссарийінен» басталады. 1940 жылы Н.А. Баскаковтың «Ноғай тілі және оның диалектілері» деген еңбегі жарық көреді. Мұнда автор грамматика және мәтіндерден кейін, сөздікті қосымша етіп тіркейді. 1956 жылы Н.А. Баскаковтың редакциялығымен ғылыми қызметкер С.А. Калмыков құрастырған «Орыс-ноғай сөздігі», ал 1963 жылы «Ноғай-орыс сөздігі» жарық көрді. 1960 жылы З.З. Бамматов редакциялығымен 30 000-ға жуық сөз қамтылған «Орыс-құмық сөздігі» жарияланды. Бұл сөздікте құмық тілінің кең қолданылатын лексикасы алғаш рет жинақталып, жүйеленіп берілді. 1969 жылы З.З. Бамматов редакциялығымен 13000 сөзден тұратын «Құмық-орыс сөздігі», 1984 жылы Д.М. Шихмурзаевтың «Ноғай тілінің фразеологиялық сөздігі» жарық көрді. Ноғай лексикографиясы тарихындағы айтулы жетістік 1999 жылы Б.Г. Бамматов редакциялауымен 40 000 сөзден тұратын «Орыс-құмық сөздігінің» баспадан шығуы болды. Бұл сөздік аударма тілінің жаттықтығымен, онда қамтылған сөздердің әдеби нормаға сәйкестігімен ерекшеленеді. Жаңа ғасыр басында ноғай тіліндегі көнерген сөздер, атап айтқанда, ескі қару-жарақтар, тұрмыс-зат атаулары, анатомиялық және медициналық терминдер, жан-жануарлар және өсімдік әлеміне қатысты атаулар т.б. ноғай тілінде сирек қолданылатын лексика, калькалар және кірме сөздер қамтылған «Ноғайша-орысша тақырыптық сөздік» (2005 ж.), ал 2013 жылы 30 000 сөзден тұратын «Құмық-орыс сөздігі» жарияланды.

Ғаламтор кеңістігінің кең жайылуы сөздіктердің жаңа түрлерінің пайда болуына әсер етіп, тілаларлық, мәдениетаралық байланыстар өріс алып, күшейе түсті. Бұл өз кезегінде лексикография мәселелеріне деген қызығушылықты арттырды. Техникалық мүмкіндіктердің кеңейе бастағанына байланысты қоғамның қажеттілігі де арта бастады, осының негізінде лексикография теориясы мен тәжірибесі жаңа деңгейге көтерілді. Бұл сөздік жасауды автоматтандыру жұмыстары мен ғаламдық жүйеге енумен тығыз байланысты болды. Бүгінгі күннің талаптарына сәйкес түркі лексикографиясында сөздік жасаудың жаңа форматы, яғни электронды сөздіктері пайда бола бастады. Мәселен, татар лексикографиясында онлайн екітілді татарша-орысша сөздіктер, түсіндірме сөздік, жеке бір автордың шығармаларының сөздігін дайындап және түркі тілдерінің ішінде алғашқы бастама ретінде көтеріп Қазан лингвографиялық қоры дайындаған Қазан өлкесіндегі XVI ғ., XVII ғ. ескерткіштер тілінің интернет сөздіктері жасалды:

1. Жаңа сөздер мен жаңа мағыналардың татарша-орысша сөздігі.
2. Татарша-орысша он-лайн сөздік.
3. татар тілінің tatsoft он-лайн сөздігі.

4. Аңлатмалы татар тілінің түсіндірме сөздігі.
5. “Lingvo” татарша-орысша, орысша-татарша сөздік.
6. Berence on-line tatar-rus-tatar süzlege.
7. Татарша-орысша үлкен сөздік. Ред. Р.А. Сабыров.
8. КАМУС сөздігі (Комплексный Автоматический Мультилексемный Универсальный Словарь//Кешенді автоматтық мультилексемалық әмбебап сөздік).
9. Қазан лингвографиялық қоры дайындаған Қазан өлкесіндегі XVI ғ., XVII ғ. ескерткіштер тілінің интернет сөздіктері.
10. Мұса Жәлелдің "Моабиттік дәптерлер" тілі
11. Сөздікке арналған М.В.Ломоносов хаттарының тілі
12. Ғабдолла Тоқайдың поэзия тілінің интернет сөздігі.

Қазақ лексикографиясында да бұл салада жетістіктер жоқ емес. Қазақ тілінің электрондық лексикографиялық ресурстары негізінен екітілді қазақша-орысша, көптілді аударма сөздіктер және энциклопедиялық сөздіктен тұрады:

1. “АВВУ Lingvo” қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік.
2. sozdik.kz қазақша-орысша, орысша-қазақша сайты
3. Н.Сауранбаев атындағы қордың жасаған қазақша-орысша сөздігі сөздік: <http://www.kaz-rus.kz>
4. СөзАна 1.0 электрондық сөздігі
5. IZET Tilmash 1.5
6. СөзКөмек 4.0 сөздігі – бұл қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылған 500 мыңға жуық сөздік мақалалар.
7. Лена Ленешмидт құрастырған ағылшынша-орысша-қазақша сөздік (<http://www.kazakh-glossary.com>)
8. Википедия ашық энциклопедиялық сөздігі

Электрондық лексикографиялық ресурстардың жаһандық жүйесіне енуінде түрік және өзбек лексикографиялары да мән беруде. Айталық, «АВВУ Lingvo түрікше-орысша, орысша-түрікше сөздік» және «Түрік тілінің түсіндірме сөздігі: Türkçe sözlük ve Yazım Kılavuzu» тәрізді түрік тілінің электрондық сөздіктері, сондай-ақ «<http://fmc.uz/word> өзбекше-орысша, орысша-өзбекше электрондық сөздік», «<http://jazyki.ru/uzbekskij>», «www.jargon.uz» тәрізді өзбек тілінің электрондық сөздіктерін түркі лексикографиясының жаңа форматтағы жетістіктері ретінде атап айтуға болады.

Электрондық лексикографиялық ресурстардың жаһандық жүйесіне енуі, түркі тілдерінің қолданыс аясын кеңейтіп, жан-жақты дамуына айтарлықтай септігін тигізері сөзсіз. Жалпы түркі тілдерінің сапалы электрондық сөздіктерін жасау және оларды кешенді тұрғыдан зерттеу ісін қолға алу күн тәртібінде тұрған міндеттердің бірі. Бұл күн тәртібіне әлемдік электрондық лингвография саласының теориясы мен тәжірибесін жүйелеу, сонымен қатар даму бағыттарының маңызды нақты ұстанымдарын анықтау мақсатында түркі тілдерінің электрондық лексикографиясын талдау мәселесін қойып отыр.

Электрондық ресурстарды білім алудың жаңа форматы ретінде қарастырып, электрондық лексикографиялық құралдардағы сөз мағынасының ұлттық-мәдени ерекшеліктерін берудің жаңа жолдарын табу дереккөз тұрғысынан ғылыми негіздеуді қажет етеді. Электрондық сөздіктердің негізгі түрлерін анықтап, олардың құрылымы мен композициясын талдау, электрондық сөздіктерді білім берудің жаңа формасы ретінде бола алу мүмкіндігін зерттеу де бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Түркі лексикографиясының қалыптасуының алғашқы кезеңдерінен бастап қазіргі кезге дейін қол жеткізген табыстары ерен екеніне қарамастан, қазіргі түркі тілдерінің лексикалық байлығын бір арнаға тоғыстыруды көздеген, түркі тілдерінің өз арасында жасалған әр сипаттағы (салыстырмалы-түсіндірме, диалектологиялық, фразеологиялық, терминологиялық, екітілді, көптілді аударма т.б.) қолға алына қойған жоқ.

В. Радлов (XIX ғ. соңы XX ғ. басы) заманынан бері бір ғасырдай уақыт өткенін ескерсек, бұл аралықта қоғамдық-әлеуметтік факторлар ықпалымен көптеген жаңа сөздердің пайда болуы, қоғамдық санадағы қайсыбір ұғымдардың ескіруі салдарынан бір кезде актив қолданыста болған сөздердің көнеленіп, көне сөздердің архаизмдерге айналуы, техногендік өркениеттің, ақпараттық жаһандандудың әсерінен терминологиялық қордың интер-националдық шет-шекарасы кеңеюі түркі тілдерінің сөз қазынасын, сөздік қорын толассыз толығуларға, айтарлықтай өзгерістерге жетелегені сөзсіз. Сондықтан түркі тілдерінің лексикалық қазынасының біртұтас электрондық базасын түзу және қазіргі түркі тілдерінің негізгі лексикалық қорын барынша түстеп-түгендеуге бағытталған сөздіктерді құрастыру, ондай сөздіктерде қамтылатын лексикалық бірліктердің лексика-семантикалық,

морфологиялық, генеалогиялық, қолданыстық т.б. сипаттамаларын салыстырмалы түрде толықтай көрсетуді көздейтін түркі тілдеріаралық деңгейде екітілді, үштілді және көптілді сөздіктерді жасаудың маңызы зор болмақ.

Түркі халықтарының сөз байлығын жинақтай отырып, оларды жүйелеуге, реттеуге, біріздендіруге қызмет ететін жалпытүркілік сөздіктерді жасаудың қажеттілігі дау тудырмайды. Сондай-ақ, жекелеген түркі тілдерінің арасындағы қатынасты реттеуге қызмет ететін екітілді аударма сөздіктерді түзу де заман талабынан туындап отырған қажетті іс.

Түркі тілдері аралық деңгейде сөздік түзу тәжірибесін жандандыру сайып келгенде түркі әлемінде жүріліп жатқан интеграциялық үдерістерге қызмет етері сөзсіз. Әлемдік және отандық лексикографияның соңғы жетістіктерін пайдалана отырып, түркі тілдерінің сөздіктерін ғылыми негізде түзу – заман талабы. Соған орай жалпытүркілік тарихи-этимологиялық сөздіктерді, түркіаралық біртүлді және екітілді түсіндірме сөздіктерді, екітілді аударма сөздіктерді, шағын көлемді оқу сөздіктерін түзудің негізгі ғылыми-әдістемелік ұстанымдарын анықтап алу да заманауи түркі лексикографиясында ең маңызды мәселе қатарынан орын алады.

Осы орайда жаһандану үдерісіне сай ғаламдық ақпараттық кеңістіктің біртұтастануы; өркениеттер тоғысының, мәдениеттераралық диалогтардың, діндераралық келісім мен толеранттылықтың халықаралық қауымдастықтың тұрақты дамуының кепіліне алынуы, инновациялық технологияның айрықша дамуы және т.б. заманауи факторлар еліміздің қоғамдық қарым-қатынастар жүйесінің сан-алуан салаларында жедел қарқынмен жүріліп жатқан интеграциялық үдерістердің тілдік және мәдениеттанымдық тетіктерін іздестіруді міндеттейді. Осы орайда қазақ лексикографиясы – интеграциялық үдерістердің жедел қарқын алуына игі әсерін тигізетін тілдік және мәдениеттанымдық тетіктердің бірі ғана емес бірегейі саналады. Сондықтан әлемдік озық тәжірибеге және отандық ғылыми дәстүрлерге сүйене отырып, қазақ лексикографиясында үштілді және көптілді аударма сөздіктер жасау тәжірибесін қолға алудың және олардың электрондық лексикографиялық қорын қалыптастырудың маңызы зор.

Көптілді аударма сөздіктер қоғам өміріндегі мәдениеттанымдық және тілдік бағыттағы қажеттілікті, тәржімелік-практикалық сұранысты өтеуге ықпал етеді. Түркітілдес мемлекеттер және олармен геосаяси, әлеуметтік, экономикалық қарым-қатынастардағы өзге халықтар арасындағы қарым-қатынас үшін аса қажет түркі тілдерінің әр сипаттағы сөздіктерін ғылыми негізде түзуге, түркі терминологиясын біріздендіруге белгілі дәрежеде септігін тигізеді, қазақ лексикологиясы мен лексикографиясын ғылыми тұрғыдан байытып, дамудың жаңа сатысына көтереді.

Сөздіктерді әлемдік және отандық лексикографияның соңғы жетістіктерін пайдалана отырып, ғылыми негізде түзу – заманауи мәдениеттің талабы. Сондықтан жалпытүркілік тарихи-этимологиялық сөздіктерді, түркіаралық біртүлді және екітілді түсіндірме сөздіктерді, екітілді аударма сөздіктерді, шағын көлемді оқу сөздіктерін түзудің негізгі ғылыми-әдістемелік ұстанымдарын анықтап алу ең маңызды мәселе болып отыр. Зерттеуде алға қойылатын басты міндеттер ретінде: түркі тілдері бойынша тарихи-этимологиялық сөздік түзудің басты ұстанымдарын айқындау; біртүлді және екітілді, көптілді түсіндірме сөздікте ашылатын негізгі параметрлер құрамын анықтап, түркі сөздіктері бойынша лексикографиялық параметрлік талдау жасау; сөздіктердің нысанға, көлемге, адресатқа байланысты басты типтері мен жанрларына жіктеме жасау; екітілді, үштілді және көптілді аударма сөздік жасаудың басты ұстанымдарын айқындау, туыс тілдердің аударма сөздіктерін түзудің өзіндік ерекшеліктерін анықтау; ареалдық және аймақтық, елтанымдық біліктерді ашудың, тілтанымдық, мәдениеттанымдық, елтанымдық құндылықтарды лексикографиялаудың заңдылықтарын белгілеу; шағын көлемді оқу сөздіктеріне алынатын базалық лексиканың құрамы мен құрылымын айқындау; түркі сөздіктерінің типологиялық, жанрлық ерекшеліктеріне байланысты сөзтізбеге сөздік бірліктерді сұрыптап алу ұстанымдарын анықтау; түркі сөздіктерінің типологиялық, жанрлық ерекшеліктеріне байланысты сөздік бірліктерге жасалатын фонетикалық, грамматикалық, лексика-семантикалық сипаттама түрлерін анықтау тәрізді мәселелерді атап көрсетуге болады. Түркі тілдерінің электрондық және қағаз сөздіктерін лексикографиялық жүйе ретінде және қолданушы үшін дереккөз материалы ретінде қарастыру келешектегі зерттеу жұмыстарының нысаны болмақ. Ғаламтор арқылы жаңа ғылыми және лексикографиялық коммуникацияға, парадигмаға жол ашылып, қазіргі лексикография қарыштап даму үстінде, соған сай түркі тілдерінің сөздіктеріне жаңаша бір даму серпін беріп, өз кезегінде түркі лексикографиясының теориясы мен практикасының алдына жаңа міндеттер мен мақсаттар қойып

отыр. Жақсы сапалы электрондық сөздік тілші мен бағдарламашының бірігіп жұмыс жасауынан туындайтындығын тәжірибе көрсетіп отыр.

Қорытынды. Қорыта айтқанда түркі әлемінің саяси-экономикалық, әлеуметтік-құқықтық, мәдени-гуманитарлық өмірінде жүріп жатқан түбегейлі өзгерістерге игі ықпалын тигізіп отырған көптеген экстралингвистикалық факторлар түркі тілдерінің әрқайсысының сөздік қорының мазмұндық құрылым мен құрамы жағынан түрленіп, жаңа атаулармен толығуы, терминологиялық шет-шекараның кеңеюі тәрізді тілішілік үдерістердің қарқын алуына жетелеуде.

Қазақстанның халықаралық қауымдастықтың терезесі тең, сенімді мүшесі ретінде танылуы және түркі әлемінің геосаяси кеңістігінде көшбасшылық рөлі атқаруы, Қазақстанның экономикалық жедел дамудың индустриялық-инновациялық бағытын ұстануы, Қазақстанның Түркия, Қазақстан, Әзірбайжан, Түркіменстан, Өзбекстан тәрізді түркітілдес мемлекеттермен, сонымен қатар құрамында көптеген түркі халықтары өмір сүріп жатқан Ресей, Қытай, т.б. мемлекеттер арасында сан-салалы форматта дамып отырған өзара ықпалдастық пен ынтымақтастық, стратегиялық серіктестік, тамыры терең тарихи-мәдени байланыстар қазақ лексикографиясы алдына түркі тілдері аралық деңгейдегі жаңа форматтағы сапалы сөздіктер түрлерін түзу міндетін жүктейді.

Бұл мақала ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан 2020-2022 жылдарға арналған №АР08856398 XXI ғасырдағы түркі әлемінің интеграциясы: қыпшақтық фактордың лингвистикалық аспектілері» гранттық жобасымен қаржыландырылған. Жоба жетекшісі Жылқыбай Гүлімжан Қызметқызы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Севортян Э.В. *Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на гласные / АН СССР. Институт языкознания.* - Москва, 1974; Севортян Э.В. *Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «Б» / АН СССР. Ин-т языкознания.* - Москва, 1978; Севортян Э.В. *Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «В», «Г» и «Д» / Ред. Н.З.Гаджиева/.* - Москва, 1980; Севортян Э.В., Левитская Л.С. *Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы «Ж», «Ж», «Й».* - Москва, 1989; *Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы «К», «Қ» / Авт. сл. статей Л. С. Левитская, А. В. Дыбо, В. И. Рассадин.* - Москва, 1997; *Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на буквы «Л», «М», «Н», «П», «С».* – Москва, 2003; *Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «Қ» / Авт. сл. статей Л. С. Левитская, А. В. Дыбо, В. И. Рассадин/.* – Москва, 2000.

2 Федотов М. Р. *Этимологический словарь чувашского языка.* - Чебоксары, 1996. Т. 1-2.

3 Starostin S., Dybo A., Mudrak O. *Etymological Dictionary of the Altaic Languages.* – Leiden; Boston: Brill, 2003. – Vol. 1. – P. 858. (A-K); Vol. 2. – P. 859-1556. (L-Z); Vol. 3. – P. 1557-2096. (Indices).

4 Öztopçu Kurtuluş. *Dictionary of the Turkic languages: English, Azerbaijani, Kazakh, Kyrgyz, Tatar, Turkish, Turkmen, Uighur, Uzbek.* – London: Routledge, 1996. – 422 p.

5 Қайдар Ә. *Қазақтаранамілі әлемінде.* – Алматы: Дайк-Прес, 2009. – 780 б.

6 *Академический словарь башкирского языка: в 10 т. / под ред. Ф.Г. Хусамитдинова.* – Уфа: Kuman, 2011. – Т. 1. – 432 с.

References:

1 Sevortyan E.V. *Etimologicheskii slovar' t'urkskikh iazykov: Obshet'urkskie i mejt'urkskie osnovy na glasnye / AN SSSR. Institut iazykoznanija.* - Moskva, 1974; Sevortyan E.V. *Etimologicheskii slovar' t'urkskikh iazykov: Obshet'urkskie i mejt'urkskie osnovy na bukvu «B» / AN SSSR. In-t iazykoznanija.* - Moskva, 1978; Sevortyan E.V. *Etimologicheskii slovar' t'urkskikh iazykov: Obshet'urkskie i mejt'urkskie osnovy na bukvu «V», «G» i «D» / Red. N.Z.Gadjieva/.* - Moskva, 1980; Sevortyan E.V., Levitskaia L.S. *Etimologicheskii slovar' t'urkskikh iazykov: Obshet'urkskie i mejt'urkskie osnovy na bukvy «Zh», «J», «I».* - Moskva, 1989; *Etimologicheskii slovar' t'urkskikh iazykov: Obshet'urkskie i mejt'urkskie osnovy na bukvy «K», «Q» / Avt. sl. statei L. S. Levitskaia, A. V. Dybo, V. I. Rassadin.* - Moskva, 1997; *Etimologicheskii slovar' t'urkskikh iazykov. Obshet'urkskie i mejt'urkskie osnovy na bukvy «L», «M», «N», «P», «S».* – Moskva, 2003; *Etimologicheskii slovar' t'urkskikh iazykov: Obshet'urkskie i mejt'urkskie osnovy na bukvu «Q» / Avt. sl. statei L. S. Levitskaia, A. V. Dybo, V. I. Rassadin/.* – Moskva, 2000.

2 Fedotov M. R. *Etimologicheskii slovar' chuvashskogo iazyka.* - Cheboksary, 1996. T. 1-2.

3 Starostin S., Dybo A., Mudrak O. *Etymological Dictionary of the Altaic Languages.* – Leiden; Boston: Brill, 2003. – Vol. 1. – P. 858. (A-K); Vol. 2. – P. 859-1556. (L-Z); Vol. 3. – P. 1557-2096. (Indices)

4 Öztopçu Kurtuluş. *Dictionary of the Turkic languages: English, Azerbaijani, Kazakh, Kyrgyz, Tatar, Turkish, Turkmen, Uighur, Uzbek.* – London: Routledge, 1996. – 422 r.

5 Qaidar Ä. *Qazaqtaranatılıäleminde.* – Almaty: Daik-Pres, 2009. – 780 b.

6 *Akademicheskii slovar' bashkirskogo iazyka: v 10 t. / pod red. F.G. Hisamitdinova.* – Ufa: Kitap, 2011. – T. 1. – 432 c.

МРНТИ 16.21.23

Сейтбатқал Ә.Б. ¹ Бектемірова С.Б. ²

^{1,2} ал-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Алматы, Қазақстан

XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТҮРКІ ТІЛДЕС ХАЛЫҚТАРДЫҢ ӘЛЕМДІК ТАРАЛЫМЫ

Аңдатпа

Мақалада түркі халықтарының әлем өркениетінде алатын орны шынайы деректерге сүйене отырып айтылады. Теориялық тұрғыдан қазақ және бауырлас түркі, шетел ғалымдарының зерттеулеріне және түркітану ғылымының қайнар көзі саналатын еңбектерге шолу жасалады. Түркі тілдес халықтардың орналасуы мен әлемдік таралымы тарихи дәуірлермен сабақтаса сипатталады. Бір тектен шыққан түркі тілдерінің ақпарат қорын түзу, оны жүйелеп ұсыну басшылыққа алынды. Мәліметтер қоры келесі бағыттарды қамтуды жоспарлауда: қазіргі дүние жүзіне таралған түркі тілінде сөйлеушілердің санын анықтау, түркі тілдерінің таралымын WebGIS жүйесінде көрсету, түркі тілдерінің жіктелуі туралы мәліметтерді саралау, қазіргі түркі тілдерінің мәртебесін көрсету, жойылу қаупі төнген түркі тілдерін жандандыруға нақты бағдарлама негізінде ұсыныс жасау. Қазақ түркітану ғылымына жаңа серпін әкелетін ғылыми жұмыс – Түрік Одағының дамуына өзіндік үлесін қосады.

Түйін сөздер: алтайтану, түркітану, ареалды лингвистика, лингвожағрапия, түркі халықтары, түркі тілдері

Seytbatkal A., ¹ Bektemirova S. ²

^{1,2} Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan

WORLD SPACE OF TURKIC-SPEAKING PEOPLES AT THE BEGINNING OF THE XXI CENTURY

Abstract

The article reveals the role of Turkic peoples in world civilization. Theoretically, a review of the research of Kazakh and Turkic, as well as the works of foreign scientists which are the source of Turkic science is conducted. Localization and world distribution of Turkic-speaking peoples is characterized by a combination of historical epochs. It is necessary to form and systematize the database of Turkic languages of the same origin. The database includes the following directions: to determine the number of speakers of Turkic languages in the modern world, to show the distribution of Turkic languages in the WebGIS system, to analyze data on the classification of Turkic languages, to demonstrate the status of modern Turkic languages. It is planned to make proposals on the activation of Turkic languages under threat of extinction on the basis of the specific program. The scientific work, which brings a new impetus to the Kazakh Turkology, contributes to the development of the Turkic Union.

Keywords: altaistics, Turkology, areal linguistics, linguogeography, Turkic peoples, Turkic languages